

“Бақдаулет-Grib” бөбекжай-балабақшасы ЖШС

Өндірістік кеңес отырысының

№1 Хаттамасы

Күні- Қазан айының 5-і 2023 жыл

Қатысқаны-35

Қатыспағаны-0

Күн тәртібінде

- 1 Талдау “Физикалық тәрбие бойынша жұмыс жағдайы” медициналық кабинеттегі құжаттардың жағдайы
- 2 Ішкі еңбек тәртібінің ережелерін орындалуы
- 3 Қауіпсіздік техникасының орындалуын салыстырмалы бақылау
- 4 Кіші қызметкерлер (кір жуушы, тәрбиешілердің көмекшілері, асхана қызметкерлері т.б) жұмысының сапасын бақылау

1 Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша медбикесі Баймағамбет.М.К сөз сөйледі. Өз сөзінде балабақшадағы физикалық тәрбие бойынша жұмыс жағдайына тоқталды. Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып физикалық дағдыларын дамыту бұрыштары толықтырылды. Медициналық кабинеттегі құжаттары бала паспорты, эпид, ккал, кожаный, баланың бойы, салмағын тіркеу журналы т.б жаңа оқу жылына тіркелді.

2-мәселе бойынша .Ішкі күн тәртібінің орындалуы және сапасы. Еңбек тәртібінің сақталуы балабақша медбикесі Баймағамбет Майра қадағалап талдау жүргізді. Балабақша меңгерушісі А.Б.Керімбекова балабақшамыздың күн тәртібімен таныстырып өтті. Балалармен жұмыс істеу өте ауыр, бірақ көңілге жағымды жұмыс екендігін айта отырып жылда бір рет демалысқа шығуға болатынын айтты

3-ші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Шөкеева сөз сөледі. Өз сөзінде қауіпсіздік сақтау ережелерімен таныстыруға арналған инструктаждарын өткізді. Балалардың өмірімізге, денсаулығымызға қауіпті заттар туралы түсініктерін қалыптастыру. Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттердің ішінен қауіпсіздік заттарды табуды ұсынады және оның қандай қауіп әкелетінін сұрайды. Қауіпсіздік техникасы бойынша балабақшамызда дөңгелек үстел өткізілді. Онда талқылаған мәселелер топ тазалығы, асхана тазалығы, балалардың әжетхана тазалығы, санитарлық гигиеналық жағдайы, кіші қызметкерлер формасы, тамақтану құралдарының тазалығы талқыланды, түсіндірілді.

Қаулы етілді:

- 1 Медициналық құжаттардың жүргізілуін балабақша медбикесі Баймағамбет Майраға жүктелсін.
- 2 Ішкі күн тәртібінің орындалуы, сапасының сақталуы туралы таныстырылсын. Ішкі күн тәртібінің қорғау жөніндегі баяндамасы тыңдалсын;
- 3 Қауіпсіздік техникасының бала өмірі мен денсаулығын сақтау бөліміне жауапты адамды тағайындау туралы “Бақдаулет-Crib” бөбекжай балабақшасында қауіпсіздік техниксының бала өміріне жауапты балабақша медбикесі М.К.Баймағамбетке тағайындалсын
- 4 Балабақша кіші қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртібін орындауын бақылауды өзіме қалдырамын.

ЖШС “Бақдаулет-Griv” бөбекжай-
балабақша меңгерушісі.

А.Б.Керімбекова

Хатшы:

А.Шокеева